



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 23 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

*Ұлы Жеңістің құрметіне  
Ұлттық Банк Қазақстанның ардагерлеріне  
күміс монеталарды тарту етеді*

**2015 жылғы 21 сәуір**

**Алматы қ.**

Қазақстанның ардагерлері – Ұлы Отан соғысына қатысушылар Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ескерткіш күміс монеталарды сыйға алады. Ұлттық Банк ҚР Қорғаныс министрлігіне өтеусіз негізде «Ұлы Жеңіске 70 жыл» монеталарын 4776 данада берді.

925/1000 сынамды күмістен, массасы 24 грамм, «proof» сапасымен жасалған, номиналдық құны 500 теңгелік «Ұлы Жеңіске 70 жыл» ескерткіш монетасының 2015 жылғы 31 наурызда айналысқа шығарылғанын еске сала кетейік. Оның таралымы 7 мың дананы құрайды. Сонымен қатар Ұлттық Банк Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай номиналы 50 теңгелік нейзильбер қоспасынан жасалған ескерткіш монетаны айналысқа шығарды.

Күміс монетаның бет жағында (аверсінде) жоғары бөлігінде бес рет бұралып өрнектелген сегіз бұрышты розетканың және мемлекеттік тілдегі «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазбаның қоршауында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген жазба орналасқан. Номиналдан

солға қарай Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі және монетаның массасын білдіретін «24 g» деген жазба, оң жағында монета дайындалған металды және оның сынамын білдіретін «Ag 925» деген жазба бар. Монетаны айналдыра моншақ тәріздес тізбек және шығыңқы жиек жүргізілген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) Алматы қаласындағы 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағындағы Даңқ мемориалының фрагменті, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс жылын білдіретін «1945» деген дата және монетаның соғылған жылын білдіретін «2015» деген дата орналасқан. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 70 ЖЫЛ», орыс тілінде «70 ЛЕТ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЕ» деген жазба және шығыңқы жиек.

***Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585; +7 (727) 3302 497, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).***